


ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
ПСИХОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ МЕН КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР КАФЕДРАСЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАДАҒЫ КИКІЛЖІН

Орындаған: 1-001 топ, Ганиева А.Б.

Тексерген: Жакишева Г.С.

Қарағанды 2016



Топтық мәселе-топ арасындағы кекілжіңдер, түрлі мәселелер пайда болу себебі туралы сөз қозғанда оларды шешу мәселелерді .Топ арасындағы шиеленіске мейірбекелер мен дәрігерлердің өзара қатнастарын айтуға болады.

Топтық мәселеде негізгі шиеленістер: көбінесе топ арасындағы келіспеушіліктен туындайды.

Дәрігердің құқықтары:

-Медициналық іс-әрекеттерін бекітілген тәртіпте алып бару құқығы (фармацевтикалық салада, жеке медициналық практикада, емшілікте).

-Еңбек келісімі бойынша жұмыс алып бару құқығы (еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жұмыс алып баруға жағдай жасау, өзінің мамандық ар намысын қорғау құқығы).

-Қолы жеткен практикалық және теориялық даярлық дәрежесіне байланысты квалификацияланған категорияларды алу құқығы.

Егер өмірге немесе денсаулыққа қауіп тудыратын жұмыс болса, оны міндетті түрде сақтандыру құқығы.



- **Әділеттілік - дәрігердің ең басты рақымшылығы.** Әділеттілік дәрігердің барлық әрекетін, арманын, сенімділігін, ойын қамтиды. Цицеронның айтуы бойынша ең басты екі әділеттілік болып «Ешкімге зияндық жасамау және қоғамға пайда әкелу» табылады.
- **Дәрігер қалауы - дәрігердің өмірлік идеалы.** Дәрігер қиналып жатқан науқасқа денсаулық, қуаныш сыйлайды. Бұл - дәрігерге жандүниелік, медициналық басты стимул береді, нәтижесінде дәрігер өзінде күш тауып, мүмкін еместі шындыққа айналдырып, емдеуге келмейтін сырқаттарды емдейді.
- **Дәрігер-серіктес (партнер).** Бұл дәрігерлік қарым-қатынастың белсенді немесе одақтас түрі, емдеу процесіне науқастың белсенді түрде қатынасуын мүмкін етіп, оның ем таңдауда дербестігін және жауапкершілігін дамытады. Бұл ынтымақтастық қатынас, ауруға қарсы күрес жүргізген науқастарда нәтижелі болады. Дәрігердің іс-әрекеті пікірлесуге, соңғы шешімді өзі қабылдауға даярлыққа бағытталған. Басталқы кезде дәрігер, қатынас құруға оның басқару түрін қолданып, кейін серіктес қатынасқа көшуі мүмкін.



Науқас пен дәрігер арасындағы қарым-қатынас дәрігер жұмысында өте маңызды орын алады. Дәрігер мен науқас және оның туысқандары бір-біріне сенім тудыратын қатынас жасағанда ғана ем нәтижелі болуын күмән тумайды. Ал дәрігер мен науқас арасында дұрыс қатынас болмаған жағдайда, ем нәтижелігіне науқас күмәнданып, басқа дәрігер таңдауға мәжбүр болады.



Мәселені тудыратын себептер:

- Емделушінің мейлінше мүмкін жағдайын жасамаса;
- Ауру кезінде жаңа жағдайларға емделушінің бейімделуіне көмек көрсетпесе;
- Емделушінің шағымдарына, қойған сұрақтарына толық, қанағаттандыра аларлықтай жауап бермеген жағдайда;
- Емделушіге мед. персоналдар қарапайым тілде түсіндіре алмаған жағдайда;
- Науқасқа дұрыс күтім көрсетілмеген жағдайда;
- және тағы басқа себептер болуы мүмкін.

- Әр адам біртұтас және қайталанбайтын табиғи құбылыс болып табылады және өмір бойы өзінің мақсатын орындауға қажетті шығармашылық потенциалға ие. Адам өсіп, даму процесінде жұқтаждықтарын қанағаттандыру жолымен жүзеге асырады.
- Мұқтаждық-адамның өмір бойы басынан кешіретін физиологиялық және психологиялық тапшылығы.
- Денсаулық пен адамдыққа жету үшін оны толықтырып отыру қажет. Әр адамның қалыпты түрде өсіп, дамуы үшін қанағаттандыратын қажетті негізгі өмірлік маңызды мұқтаждықтары болады және оны өзінің атқаруы өте маңызды. Адам сонда ғана толығымен рахаттану сезіміне бөленеді. Көп мұқтаждықтың біреуінің болмасын қанағаттандыруы бұзылған жағдайда адамдарда жағымсыз жағдай, яғни дискомфорт және адам арасында шиеленіс болуы мүмкін.

■ «Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деп А. Линкольн айтпақшы әрбір есі кіріп, етек жап-қан адам-белгілі бір қоғамның мүшесі болып табылады, ол қандай болмасын сүйікті бір ісімен айналысады, түрлі адамдармен қарым-қатынаста болады.

Жеке адамның өзіндік ерекшелігін бағалау, нені қалайтындығын білу, көңіл күйін қадағалау әрі науқасқа ерекше көңіл аудару - ол әр дәрігердің міндеті болып табылу керек.



■ **Науқас адамдармен жұмыс жасау – қиын әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет.**

Дәрігердің кәсіби қызметі ауру адаммен байланысты: тірі ағзаларды құрайтын биологиялық жүйелердің ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар қоғамдық байланыстың әр түрлі болуы қайталанбас психикалық көрініс құрайтын тәуелділікке байланысты. Дәрігердің мамандығы – ерлік.



Қорытынды:

- Науқас пен мед.персоналдар арасында шиеленістік жағдайлар туындамас үшін мен өз ойымды былай деп жеткізгім келіп тұр:
- Яғни мед.персоналдар емделушіге ауру қалпындағы физикалық, психологиялық - әлеуметтік жаилылыққа мүмкіншілік тудыратын өмірдің қолайлы қасиеттерімен қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар, жарақат пен аурудың алдын алу, жойылған функцияларды қалпына келтіру, азап шегуді жеңілдету, және де емделушінің күтімін дұрыс ұйымдастыру, дұрыс орындау, жағдайын қанағаттандыру қажет.
- Мейірбике ісінің негізгі мақсаты- дәрігердің белгілегенін орындау мейірбике іс-әрекетінің негізгі және жалғыз мазмұнды емес, ол оның тек бір бөлігі ғана болып табылады.